

Жұмашұлы Қ.

Ұлылықтың белгісі / Қ. Жұмашұлы // Орталық Қазақстан.- 2005.- 15 қаңтар.

Өмірде лауазым атақ алудың әр түрлі жолы бар да, сол атақ иелерінің бір-біріне қарама-қайшы ішкі дүниелері бар.

Біреулер тамыр-таныстықтың күшімен, баса көктеп шығады. Жүріс-тұрыстарын көргенде аталарымыздың сөздері есімізге түседі: «Алшаң-алшаң басқанмен қара жер ойылып кетпес, мойынды қанша созғанмен төбең көкке жетпес...». Ондайлардың қашанда негізі тексіз, жан дүниесі таяз, өрісі тар келеді, халықтың қамын ойламақ тұрмақ өз соңынан ергендерді де тежеп өзінен төмен ұстауға тырысады. Одан өзі де ұтпайды.

Ал енді ұлылықтың нышаны бар адамдар, өз маңайындағыларды өзімен бірге өсіруге тырысады. Сол қасиет бірте-бірте кеңейе келіп халықтың қамын ойлауға, адамзаттың мәселесін шешуге - ұлылыққа жетелейтін сияқты. Сондай сирек қасиетті адамның бірі - Евней Арыстанұлы Бөкетов еді.

Өмірінің кейінгі жылдарында Ебекең ағамызбен көрші болдым. Үй маңында кездесе қалсақ: «Жүріңдер, Зүбайра жеңгелеріңнің шайынан ішейік» деп шақырып алатын. Бір жағынан бармай қалу ыңғайсыз болса, екіншіден ұстазымыздың шай үстіндегі әңгімесін естуге құмарлық жетелеп тұратын. Сондай сәттердің бірінде «Қалқаман, біз мынау көрші болып келіп жатырмыз, қазақта ерулік беру деген болушы еді» деп алып адамға тән әжуасыз еркін күлкісіне салды. Ол кезде мен жаңа үйленген, тұңғышымыз Ардақ әлі жас болатын. Тұрағымыз жатақхана ретінде берілген жер үйдің шатыры. Бөлме іспеттес жасалған, бірақ төбесі өте төмен. Жиырма сегіздей шаршы метр ауданы бар осы бөлме бізге үлкен болып көрінетін, сондықтан оны крагизбен екіге бөліп, есігін жылжымалы етіп подшипниктерден доңғалақ салып қойған едім. Ол кезде түнгі бір-екіге дейін отырып, мамандығымыз бойынша теориялық жұмыстармен айналысып, ғылыми мақала және өнертапқыштық ұсыныстарымызды қағаз бетіне түсіретінбіз. Алдыңғы бөлме ас ішуге және жұмысқа арналса, жоғарғы жақта басқа семья мүшелері демалып жататын. Алайда шатырдың аты шатыр ғой, жазда қызып кетеді де түні бойы ұйықтау қиын соғатын. Жұқа дәйекті (простынананы) сулап алып жамылып он-он бес минутке тынышталсаң да одан қайта әурешілік басталады. Есік-терезе ашық тұрады. Оған да төселіп алдық. Бірде ыңғайы келіп Ебекенді жеңгемізбен түскі асқа шақырдым. Кешігусіз уақытында келді. Үйіміздің төбесі төмендік жасады білем Ебекең еңкейе кіріп сол бетімен ішкі есікті әрлі-берлі қозғап көрді де жеңгейге қарап, «мынаны қарашы мынандай есік біздің үйде де жоқ, мына Қалқаманның қолынан келмейтін нәрсе жоқ» деп әзілдеп алды. Ішім сезіп тұр ондағысы менің беделімді бір көтеріп тастау.

Ертеңінде Ебекең мені шақырып алып «Байқаймын, өзің от пен судан өткен жігітсің сен үшін турған жерің уақытша жарар, бірақ балашағаңа ыңғайсыз сияқты, мен институт басшыларына құлаққағыс қылармын, өзің де

жайбарақат жүрме, диссертациялық жұмысыңды қолға ал, сонда пәтер алуың да тездер; ал енді маған жасалған жұмысыңды әкеп көрсететін бол» - деді. Ертеңінде дайын мақалаларымды, жұмысымның жоспарын алып Ебекеңе бардым. Екі сағаттай әңгімеден кейін «Батыр-ау, сен мына жұмысты ықшамдап қойыпсың ғой, жасалған жұмыстарың бойынша енді екі мақала шығарсаң жетіп жатыр, ептеп диссертациянды жаза баста, дайын болған тарауларың маған әкеліп көрсетіп тур, көмектесейін» - деп көңілімді көтеріп шығарып салды.

Содан кейін Ебекең кездескен сайын мақалалар жайын диссертацияның қай кезеңде екенін сұрайды. Мен тым кешеуілдете бердім, оның басқа себептері болатын, бірақ ашып айта алмай әртүрлі сылтаулар келтіре бастадым. Ол кісі өзі түсінді білем (ғылымда жиі кездесетін жағдай) «байқаймын маған келгенің біреулерге ұнамайды білем, не өздерінен көмек жоқ, не басқаға қол ұшын бергізбейді, жазғандарыңды алып кел, қарап берейін; дайын жұмыстың пайдасыз жатқанын ұнатпаймын» - деп маған сынай қарады. Кейін ұстазымыздың елегінен өткен екі мақала орталық басылымдарда жарық көрді. Бір жылдан соң институт жанындағы ғалымдар үйінен екі бұлмелі пәтер алдым.

Ғылым жолы күрделі ғой, бір жағынан бірыңғай жұмысқа берілуді қажет етсе, екіншіден ғылыми қызметкердің еңбек ақысы да мардымды емес және басқалар санасатындай қолда билік жоқ. Сол себепті кей жанұяларда түсінбеушілік туады. Осындай бір жағдайды Ебекеңнің бір ауыз сөзі шешіп бергенін бір аға ғылыми қызметкердің өз аузынан естіп едік (есімін келтіру қажет болмас).

Ебекең көп ғылыми мәселелердің бүгінгісіне ғана емес келешегіне де мән беретін. Көмірден жанармай алу мәселесіне тоқтағанда, оған қарсы адамдардың көп болатынын сезетін еді. Себебі, әзірше, көмірсутекті отын қоры (мұнай) жеткілікті және одан бензин алу әдістері толық игерілген, ал енді көмірден алынған бензин одан қымбаттау болатыны анық. Оның саяси жақтары да бар. Алайда мұндай шешімнің қажеті болатын уақытта алыс емес екенін, ол кезеңнің де өткінші болатынын толық түсінетін. Адамзат тарихында әр кезеңнің өз сұранысы бар ғой. Бірде Ебекең біраз жас ғылыми қызметкерлерді Балқаш мыс қорыту зауытына алып барды. Ондағы ойы бізді зауыт мәселелерімен таныстыру, зауыт басшыларымен арада жүретін келісім шарттар жасасуға, техсоветтерде өз пікіріңді дәлелді түрде жеткізуге үйрету еді. Зауыт басшылары көп жағдайда мәселенің тез нақты шешімін талап етеді де ғылыми жағына мән бермейді және түсіне де бермейді. Ал көп мәселенің ғылыми негізін зерттеп біліп алмай дұрыс шешім қабылдау мүмкін емес. Бұл мәселені зауыт мамандарының кеңесінде қорғап шығу оңай емес, әсіресе, жас ғалымдар үшін. Сол себепті зауытқа барар алдында әрқайсымыздың өз ғылыми бағытымыз бойынша пікірімізді тындап алды да: «Ал енді кеңесте осы сұрақтарды көтересің, сендер мені қолдап, қосымша пікірлеріңді білдіруге дайын болыңдар» -деп орнынан тұра бастады. Кеңес жұмысы он шақты зауыт мамандарының қатысуымен бірден өндірістегі күнделікті мәселелерді талдаудан басталды. Арасында зауыт директоры «бұл

сұрақтардың қандай шешімдері бар, ғалымдар не дейді екен?» дегендей Ебекеңе қарап қояды. Ебекең болса мұқият тыңдап отыр. Күн тәртібіндегі негізгі мәселелер біткен соң Ебекең сөз алды, Жаңа ғанаталданған сұрақтар мен өзіміз дайындап әкелген жобаларды байланыстырып оларды шешу жолдарының негізгі бағытын түсіндіре келе, бірақ ғылыми қосымша зерттеулер жүргізбей жақсы нәтиже алу қиын екенін мысалдар келтіріп дәлелдеп өтті. Академиктің өте түбегейлі талдауынан кейін біз тыңдаушы ретінде қала бердік. Ебекең бізге қарап «Қосатындарың бар ма, әлде сендерден сұрап алып бәрін өзім айтып қойдым ба?»- деп бір күлдіріп алды. Сапарымыз сәтті аяқталып, зауытпен шаруашылық келісім бойынша институт бірнеше бірлескен жұмыс жасауға шарт жасасты.

Аулаға шыға бере Ебекең зауыт мұржасын көрсетіп «қаншама пайдалы элементтер ұшып шығып қоршаған ортаға жәй жоғалып қана жатқан жоқ, әрі оны ластауда; оның ішінде күкірт, мышьяк, қорғасын, көміртегі, тағы басқа элементтердің тотықтары бар, соларды зиянсыздандырып бөліп алып адамзаттың қажетіне жарату сендердің алдағы тұрған мақсаттарың болу керек; осындай экологиялық, энергия және ресурс үнемдеу жөнінде маңызды мәселелер толып жатыр, мәселен, электролиз процестерін алсақ, көп жағдайда сутегі бөлінеді, бүгін оны керек қылып жатқан ешкім жоқ, ал бұл зат экологиялық таза энергия көзі, өте жақсы тотықсыздандырғыш, қою көмірсутектерін сұйылтуға қажетті химиялық шикізат».

Ағамыздың сол айтқандары бүгін өмірге жолдама ала бастады, екіншісі бізде емес, басқа елдерде. Жапонияда электролиз кезінде бөлінетін сутегін қымбат металл ұнтақтарын алуға пайдаланады. Экологиялық мәселелер әлемнің барлық елдерінде көтерілуде. Өскемен, Балқаш, Теміртау мұржаларынан ауаға бөлініп жатқан күкірттің қос тотығы (басқаларын айтпағанда) қоршаған ортаға үлкен зиян келтіруде. Сол сияқты шешудің жолын тапқан сияқтымыз. Күкіртті мұржаға жібермей металл өндіру технологиясының бас кезінде зиянсыз балқыма күйінде бөліп алу технологиясының негізін жасаған едік. Бірақ бұл бағыт жаңа көп ғылыми зерттеулерді, ол үшін мемлекет тарапынан тұрақты қаражат бөлінуді қажет етеді. Сол қаражаттың жоқтығынан «Қазақмыс» салып берген тәжірибелік участкакті, ғылыми мамандарды ұстауға мүмкіндіктің жоғынан, толық пайдалана алмай отырмыз. Дайын технологияны «Қазақмыс корпорациясы» миллион долларға сатып алуға дайын. Өттең мемлекет тарапынан қолдау таба алмай келеміз. Шіркін, бүгінде Ебекең жанымызда болса бір амалын табар еді?

Еліміздің ертеңін әркез ойлап жүретін біртуар азамат, академик, ғалым Евней Арыстанұлы қасында жүріп, санамызға сіңірген, бойындағы ұлылық қасиеттерін 80 жылдық мерейтойы қарсаңында баршаңызға, кейінгі буын жас ұрпақта айтуды жөн санадым.